

## Қаратай қаласындағы бірқатар көшелердің атауларын өзгерту туралы

Жамбыл облысы Талас ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 01-307 бірлескен қаулысы және Жамбыл облысы Талас аудандық мәслихатының 2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 13-7 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңын, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 12-бабының 5-1 тармағына сәйкес, Жамбыл облысы әкімдігі жанындағы облыстық ономастика комиссиясының 2021 жылғы 30 қарашадағы қорытындысы негізінде және тиісті аумақ халқының пікірлерін ескере отырып, Талас ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Талас аудандық мәслихат ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қаратай қаласындағы "Геологов көшесі – Арай", "Зеленая көшесі – Көгалды", "Клубничная көшесі – Балауса", "Красная көшесі – Қызылжар", "Малиновая көшесі – Қырмызы", "Восточная көшесі – Күншуақ", "Грушевая көшесі – Таң самалы", "Осенняя көшесі – Күреңбел", "Персиковая көшесі – Мерей", "Виноградная көшесі – Жұзімді", "Светная көшесі – Шұрайлы", "Сиреновая көшесі – Жұпарлы", "Сливовая көшесі – Өрікті", "Томатная көшесі – Нұрлы", "Фруктовая көшесі – Рауан", "Цветочная көшесі – Ғұлдер", "Яблочная көшесі – Шырайлы", "Веселая көшесі – Шаттық", "Набережная көшесі – Ақтоган", "Тюлпановая көшесі – Қызғалдақ", "Речная көшесі – Тұма", "Черемуховая көшесі – Аялы", "Речная көшесі – Өзекті", "Набережная көшесі – Жағалаулы" болып өзгертилсін.

2. Осы нормативтік-құқықтық актінің орындалуын қадағалау аудандық мәслихаттың тұрғындарды әлеуметтік-құқықтық қорғау және мәдениет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына және аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Талас ауданының әкімі

Н. Жунісбеков

Талас аудандық

мәслихатының төрағасы

К. Садубаев